

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,  
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен  
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясы материалдарының**

**ЖИНАҒЫ**

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

*Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.*

ӘОЖ 80/81+821  
ББК 81.2+84  
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.  
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,  
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 280 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821  
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

Қорыта айтқанда, Т.Айбергенов поэзиясындағы табиғат тақырыбы – оқушыларға туған жерге деген сүйіспеншілікті, ұлттық рухты, экологиялық ой-сана қалыптастыруда ерекше мәнге ие. Ақын өлеңдеріндегі табиғат бейнелері тек лирикалық суреттер емес, олар адамның ішкі дүниесі, рухани әлемі, ұлттық құндылықтардың көрінісі ретінде оқылады. Мектеп бағдарламасында Т.Айбергенов шығармашылығын жүйелі оқыту – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық мәдениетін де тәрбиелеуге ықпал етеді. Оқушыларға табиғат лирикасының мәнін түсіндіру барысында көркемдік талдау, шығармашылық тапсырмалар, экологиялық тақырыптағы эссе жазу сияқты әдістерді қолдану тиімді болмақ. Т.Айбергенов табиғат лирикасының көркемдік ерекшеліктері арқылы оқушылардың туған жерге деген махаббатын тәрбиелеу – мектеп әдебиеті сабақтарының басты мақсаттарының бірі болуы тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Білім, 1997. – 112 б.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 89 б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 114 б.
4. Сеитова Л. Қазақ поэзиясындағы табиғат бейнесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 76 б.
5. Елеуқенов Ш. Қазақ әдебиетінің ұлттық идеясы. – Астана: Елорда, 2008. – 59 б.
6. Бегманова Г. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2002. – 92 б.

### «АХМЕТШЕ БАУЛУ» – ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ӨЗЕГІ

**А.С. Байгабулова<sup>1</sup>, А.К. Курманова<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup> 4 курс студенті, <sup>2</sup> қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан*

XX ғасыр – қазақ халқы үшін тарихи, әлеуметтік және рухани тұрғыдан бетбұрысты кезең болды. Бұл дәуірде ұлттың болашағын білім мен ағартудан іздеген, елдің ертеңіне алаңдаған көрнекті қайраткерлер тарих сахнасына шықты. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – ұлттың рухани көшбасшысы, ағартушы, педагог, реформатор. Оның оқу-ағарту ісіне енгізген идеялары мен әдістемелік тұжырымдары тек өз дәуірінің шеңберінде емес, бүгінгі заманның да өзекті мәселелеріне жауап береді.

Қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуын, ұлттық болмыс пен жаһандық дағдыларды ұштастыра отырып жүзеге асыруды мақсат етеді. Осындай тұғырда Ахмет Байтұрсынұлының «баулу мектебі» туралы идеясы ерекше маңызға ие. Ол мектепті тек білім алу орны емес, өмірге баулитын, қоғамдық ортаға бейімдейтін, еңбек пен әрекетке жетелейтін тірі организм ретінде қарастырды. Бұл – бүгінгі құндылыққа негізделген білім беру, құзыреттілік тәсіл және іс-әрекет арқылы оқыту ұғымдарымен тікелей үндес тұжырым.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі қазақтың ұлттық мектебін қалыптастырумен тығыз байланысты. Ол ана тілінде білім беруді жолға қойып, оқу-ағарту ісін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Оның «Әліппе», «Тіл – құрал», «Оқу құралы» атты еңбектері – қазақ тіл білімі мен әдістемесінің негізін қалаған, тіл арқылы ұлттық ойлау мен дүниетанымды дамытуға бағытталған бірегей ғылыми жүйе.

А. Байтұрсынұлы үшін білім беру – ұлтты рухани тұрғыдан жаңғыртудың, өз бетінше өмір сүруге қабілетті қоғам қалыптастырудың басты шарты. Сол себепті ол оқу жүйесін формальды білім беруден гөрі адамды өмірге, еңбекке, қоғамға бейімдейтін «баулу» процесі ретінде түсіндірді. Оның «Мектеп – ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін, шын еңбекші болып ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын» [1, 410] деген пікірі – бүгінгі заман педагогикасының да өзегіне айналарлық тұжырым. Ол тек ұстаз, әдіскер ғана емес, қазақ тілін ғылым ретінде жүйелеп, тұңғыш тіл оқулығын жазған ғалым болды. Бұл арқылы тілдің тек қатынас құралы емес, ұлттық сана мен рухтың тірегі екенін дәлелдеді. Оның идеялары XX ғасырдың ғана емес,

қазіргі білім беру жүйесінің де басты бағыт-бағдарын айқындайтын мәңгілік құндылық болып қала береді.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастарындағы ерекше тұжырымдардың бірі – «баулу мектебі» ұғымы. Бұл түсінік оның ағартушылық қызметінің түпкі философиялық негізін көрсетеді. Ол мектепті жай ғана білім беретін орын деп емес, тұлғаны өмірге бейімдейтін тірі әлеуметтік орта, қоғамдық ұйым деп қарастырады [2].

Ғалымның пікірінше, оқу орны баланы дайын біліммен ғана қамтамасыз етпей, оны әрекетке, еңбекке, шынайы тіршілікке баули отырып тәрбиелеуі тиіс. Ол мектептің қызметін екі шекті метафора арқылы сипаттайды: бір жағынан – фабрика емес (дайын өнім шығаратын орын), екінші жағынан – жұмыртқа да емес (ішінен дайын күйінде балапан шығаратын). Ол жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Баулу мектеп – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын фабрика, зауыт сияқты орын емес; өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сияқты да орын емес. Ол – ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін, шын еңбекші болып ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын» [2,18].

Бұл анықтамада мектептің басты миссиясы – баланы өмірдің өзіне бейімдеу, яғни білім мен әрекетті ажырамас бірлікте беру екені көрініс табады.

Ғалым «баулу» ұғымын педагогикалық тәсіл ретінде ғана емес, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына негізделген тәрбие жүйесі ретінде қарастырады. Қазақ қоғамында бұрыннан келе жатқан «батыр баулу», «би болуға баулу», «аңшылыққа баулу», «ұсталыққа баулу» дәстүрлері – іс арқылы тәрбиелеудің өмірлік үлгілері. А. Байтұрсынұлы осы ұлттық тәжірибені жүйелеп, оны мектеп деңгейіне көтерген: «Баулу деген сөз жаңа мектептің атына да, затына да дөп келеді Батырлар басқалардың балаларын қалай баулып өсіргенін көреміз Биге атшы болып, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған» [2,15]. Мұндағы іс-әрекет арқылы үйрету – қазіргі білім беру теориясында «*action-based learning*», «*experiential learning*» деп аталатын тұжырымдармен тікелей үндес. Бұл тәсіл оқушының танымын, ойлау қабілетін ғана емес, практикалық дағдысын, әлеуметтік бейімділігін дамытуға бағытталған.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы «баулу мектебі» туралы идеяны халықаралық тәжірибемен де салыстырады. Ол Еуропа мен Америкадағы баулу мектептері индустрия, мәдениет, өндіріс дамуына ықпал еткенін жазады: «*Баулу мектеп Еуропа мен Америка маданияты мен байлығын бойлап өсіп, аспанға таласқан басына қырағы зейін барып салған қыран ұясы сияқты түрдегі мектеп*» [2,14]. Мұндай салыстыру Ахметтің педагогикалық ойының әлемдік үрдістермен бәсекелесе алатын дәрежеде болғанын көрсетеді. Ол баулу мектебі арқылы ұлттық педагогиканы тек дәстүрмен шектемей, заманауи даму талаптарымен ұштастырды.

Алайда Ресей отарлық жүйесі тұсында мұндай еркін, әрекетке негізделген, сыни ойлайтын ұрпақ тәрбиелеу идеясы саяси тұрғыдан қолдау таппады. Ахмет Байтұрсынұлы бұл туралы: «Патша үкіметінің тұсында мектептерді ‘баулу’ түрге түсіру керек деушілер болса да, үкімет мойны оған жар бермейтін» [2,14] деп атап көрсетеді. Бұл сөздер баулу мектебінің еркіндікке, ұлттық санаға, дербес ойлауға жетелейтін үлкен күшке ие болғанын айғақтайды. Яғни, баулу – жай оқу әдісі емес, ұлтты жаңғыртудың құралы.

Бүгінгі таңда «жаңа мектеп», «жаңартылған мазмұн», «құндылыққа негізделген оқыту» ұғымдары қайтадан өзекті болып отырған тұста Ахметтің «баулу мектебі» туралы идеясы жаңа мәнге ие болуда. Бұл – теория мен практиканы ұштастыратын, ұлттық пен жаһандықты сабақтастыратын, тұлғаны тұтас дамытуға бағытталған жүйе ретінде бағалануы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектебін жаңа сапаға көтеру үшін тек оқу құралдарын жасап қана қоймай, оқытудың әдіснамалық жүйесін де ұсынған [3]. Ол білім берудің мазмұны мен әдісін өмірмен тығыз байланыстыра отырып, оқытудың эволюциялық төрт сатысын жіктеп көрсетеді. Бұл сатылар – өлі оқу, төте оқу, көрнекі оқу және баулу. Әрбір сатының ерекшелігін ашу арқылы Ахмет оқытудың қай формасы шынайы нәтиже беретініне баса мән береді.

1. Өлі оқу – өмірден алшақ білім.

Өлі оқу – оқытудың алғашқы және ең нәтижесіз түрі ретінде сипатталады. Бұл сатыда білім беру тек жаттау, дін мен ақырет туралы түсініктер арқылы жүзеге асырылады. Ахмет Байтұрсынұлы мұндай оқытудың баланы шынайы өмірге бейімдемейтінін былай деп сынға алады: «Он жыл оқып жазу білмеген "оқу" өліге болмаса, тіріге керек болмаған... Ақырет қамы үшін ғана бала оқытқан. Өлі білім үшін берген баланы "өлі оқуға" үйреткен» [2,15].

Бұл жерде оқушы тек мәтінді жаттап үйренеді, бірақ оның өмірлік мәнін ұқпайды, қолдана алмайды. Мұндай оқыту қазіргі білім жүйесіндегі формализмге, мазмұнсыз жаттауға ұқсас. Ол оқушыны белсенді әрекетке емес, пассив қабылдауға бағыттайды.

## 2. Төте оқу – сөз бен істің алшақтығы.

Төте оқу – өлі оқудан біршама дамыған, бірақ әлі де тіршілікпен байланысы әлсіз саты. Бұл кезеңде оқушыға тек атаулар, сөздер, теориялар үйретіледі. Алайда, оларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берілмейді: ««Төте оқу» нәрсенің, істің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйреткен. Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз жүзінде емес» [2,17].

Бұл тәсіл білімнің тек көрінетін қабатын меңгертеді, ал оқушының ішкі таным-түсінігі мен практикалық дағдысы толық қалыптаспайды. Қазіргі әдістемедегі лексика-грамматикалық тәсілге ұқсас, мұнда оқушы тек жаттайды, бірақ оны өмірде қолдану икемі қалыптаспайды.

## 3. Көрнекі оқу – бақылау бар, әрекет жоқ.

Көрнекі оқу – білім берудің оқушы психологиясына жақын, бірақ шектеулі түрі. Бұл тәсілде бала затты көреді, бақылайды, бірақ іс-әрекетке қатыспайды. Ахмет Байтұрсынұлы бұл жайында: «Көріп үйрету баланың табиғатына жақын дейді... Бірақ тек көрсетумен болып, істетпей үйрететін «көрнекі оқу» да көздеген мақсат түріндегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды» [2,18], - деген болатын.

Яғни, мұнда оқушы білімді сырттай қабылдайды, бірақ оны өзі жасап көру мүмкіндігі жоқ. Бұл қазіргі мектептерде жиі қолданылатын визуализация, технологиялық көрсетілім, бейнежазба секілді тәсілдерге ұқсайды. Олар көру арқылы түсінуге көмектеседі, бірақ білімді іс жүзінде қолдануға жетелемейді.

## 4. Баулу – ең нәтижелі оқыту формасы.

Ахмет Байтұрсынұлы үшін оқытудың ең тиімді, ең табиғи түрі – баулу. Бұл сатыда оқушы белсенді қатысушы, әрекет етуші, жасаушы тұлға ретінде дамиды. Баулу – білімді сөзбен емес, іс арқылы меңгерту, дағды қалыптастыру, өмірге бейімдеу тәсілі. Бұл тәсіл қазіргі білім берудің құзыреттілікке негізделген моделіне толық сәйкес келеді. Яғни, оқушы тек білімді иеленуші емес, оны өмірлік контексте қолдана алатын тұлға ретінде қалыптасуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлы сипаттаған оқыту сатылары бүгінгі білім беру реформаларымен тығыз байланысты. Оның «өлі оқу», «төте оқу», «көрнекі оқу» және «баулу» сатылары – оқытудың теориялық тереңдігін ғана емес, практикалық тиімділігін де көрсететін үлгі. Осы жіктеу арқылы Ахмет Байтұрсынұлы пассив білімнен – белсенді әрекетке, жаттаудан – дағдыға, сөзден – іске көшудің маңызын дәлелдеген. Бұл – заманауи педагогикада кең таралған *білім – білік – дағды – құзыреттілік* тізбегінің Ахметтік үлгісі.

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру кеңістігі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. ХХІ ғасырдың талабына сай, оқыту жүйесі жай ғана білім беру емес, тұлғаны жан-жақты дамытуға, оның өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс [4]. Бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлының «баулу» туралы идеясы өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, заманауи білім беру философиясымен тікелей үндесіп отыр. Атап айтсақ:

## 1. Құндылыққа негізделген білім беру.

Қазіргі білім стандарттары «білім беру – құндылық қалыптастырудың негізгі тетігі» деген ұстанымға сүйенеді. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлының да басты идеясы. Ол оқытуды тек «ақпарат беру» емес, тұлғаны елге, қоғамға пайдалы азамат ретінде қалыптастыру деп түсінді. «Баулу» тәсілі арқылы білім берудің түпкі мақсаты – оқушының дүниетанымын, ұлттық рухын, еңбекке сүйіспеншілігін ояту. Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып

шығару» [2,17], - деп, мектептің міндетін терең әлеуметтік мәнде қарастырған. Бұл көзқарас қазіргі құндылыққа бағытталған білім беру концепциясымен толық сәйкес келеді.

## 2. Құзыреттілік тәсілі және өмірмен байланыс.

Бүгінгі білім беру жүйесінде негізгі басымдық – оқушы бойында құзыреттіліктерді дамыту. Бұл дегеніміз – білімді жай меңгеру емес, оны қолдана білу, талдау, шешім қабылдау, әрекет ету. Бұл – Ахмет Байтұрсынұлы айтқан «өмірге бейімдеу», іс арқылы үйрету ұстанымымен тығыз байланысты. Ғалымның: «Оқытушылардың көбі баулу мектебінің атына қанық болғанмен, затына қанық емес; затына қанықтардың да көбі түсіне жетік болғанмен, ісіне жетік емес» [2,17] деген сыны бүгінгі білім беру реформаларының тәжірибеге әлсіз енуі жайлы сынмен үндеседі. Оқу бағдарламалары жиі жаңарғанымен, мұғалімнің көзқарасы мен әдістемелік дайындығы өзгермесе, нәтиже де болмайтыны осыдан аңғарылады.

## 3. Мұғалім – баулушы тұлға.

Ахметше мектепте басты тұлға – мұғалім. Алайда мұғалім – тек білім таратушы емес, тұлға қалыптастырушы, әрекетке жетелеуші, үлгі көрсетуші. Бұл бүгінгі мұғалім моделіне де сәйкес келеді. Мұғалім енді фасилитатор, ментор, коуч рөлін атқаруы керек. Ол баланы әрекетке, зерттеуге, шешім қабылдауға үйретуі тиіс. А. Байтұрсынұлы мектебінде мұғалім баламен бірге әрекет етеді. Яғни: «*Балаға істетіп отырып, бірге жүріп, бірге үйрету*» – қазіргі «*оқушы белсенділігіне негізделген оқыту*» мен «*ынтымақтастықта оқу*» модельдеріне тікелей ұқсайды.

## 4. Рухани жаңғыру және ұлттық код.

Ахмет Байтұрсынұлының баулу мектебі – тек білім беру құрылымы емес, ұлттық рухты жаңғыртудың тәсілі. Оның ұсынған жүйесі – қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесімен, өмір салтымен тығыз байланысты. Баулу – қазақтың «батыр баулу», «би болуға баулу», «ұсталыққа баулу» секілді өмірлік тәрбие дәстүрлеріне негізделген.

Бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты талабы – ұлттық кодты сақтау және оны заманауи өркениетпен ұштастыру [5]. Ахаңның «жаңаны бұрынғының негізінде қалыптастыру» қағидасы осы идеямен толық үйлеседі: «*Жаңаның бәрі – ұмытылған ескі дүние*», – деген ойды еске алсақ, баулу мектебі – дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысқан тұсы.

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «баулу мектебі» моделі – тұлғаның толық дамуын мақсат тұтқан, құндылық пен әрекетке негізделген, ұлттық болмыс пен заманауи білімді сабақтастырған жаңашыл жүйе. Бүгінгі Қазақстан мектептері осы бағытты қайта жаңғыртып, Ахмет Байтұрсынұлының идеяларын нақты практикаға енгізсе, ұлттық білім жүйесі сапалық жаңа деңгейге көтеріледі.

Ғалымның «баулу мектебі» туралы идеясы — қазақ педагогикасының алтын қазынасы, бүгінгі заман талабы тұрғысынан алғанда, өзектілігі арта түскен рухани-ғылыми мұра. Ол мектепті тек білім беру мекемесі емес, іс-әрекетке, еңбекке, өмірге бейімдейтін тірі орта ретінде сипаттап, оқытудың тиімді формасы ретінде баулуды ұсынды.

Ахмет ұсынған оқытудың төрт сатысы – *өлі оқу, төте оқу, көрнекі оқу және баулу* – бүгінгі білім беру тәжірибесіндегі көптеген мәселелердің шешімін табуға бағыт береді. Бұл сатыларды теориялық тұрғыда саралай отырып, біз білім беру жүйесінде іс-әрекетке негізделген, тәжірибеге жақын, тұлғаға бағытталған оқытудың маңызын терең ұғына түсеміз.

Зерттеу нәтижелері негізінде мынадай қорытындылар жасалды:

Баулу мектебі – білім беру мазмұны мен әдісінің тұтас жүйесі. Ол оқушыны өмірге бейімдеуге, қоғамда белсенді болуға дайындайды.

Ахмет Байтұрсынұлының идеялары қазіргі құзыреттілікке негізделген, құндылыққа бағытталған білім беру моделімен толық үндес.

Қазақтың дәстүрлі тәрбиесі мен бүгінгі заман талабын сабақтастырған «баулу» ұстанымы ұлттық кодты сақтаудың және оны жаңғыртудың бір жолы.

Бүгінгі мектептерде бағдарлама өзгергенімен, оны жүзеге асыратын мұғалімнің түсінігі мен әдістемесі де жаңаруы керек.

Ұсыныстар:

1. Ахмет Байтұрсынұлының баулу мектебі моделі негізінде қазіргі оқу бағдарламаларын жетілдіру қажет. Әсіресе бастауыш және негізгі мектеп сатыларында оқытудың тәжірибеге, әрекетке, өмірмен байланысқа негізделуіне басымдық беру керек.

2. Мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларын тереңдетіп оқыту ұсынылады. Бұл – болашақ педагогтардың ұлттық және практикалық негізде ойлай алуына сеп болады.

3. Оқушылардың өмірлік дағдысын, құндылықтық бағдарын дамытуға бағытталған арнайы «баулымалы сабақ үлгілері» мен әдістемелік нұсқаулықтар жасақталуы қажет.

4. Мектеп ортасын тек оқу орны емес, «қоғамдық ұйым» сипатында дамыту – оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырады, бұл – баулу мектебінің тағы бір маңызды ұстанымы.

5. «Ахметше баулу» ұстанымын жаңғырту – ұлттық педагогиканың заманауи моделін қалыптастырудың негізі бола алады. Бұл идеяны тәжірибеге енгізу үшін ғылыми–зерттеу жобалары, пилоттық мектептер ашу қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының «баулу мектебі» – тек өткеннің үлгісі емес, келешекке бағытталған жаңғыру жолы. Оның ұлтқа деген жанашырлығы, бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі мен жаңашыл педагогикалық ұстанымы – бүгінгі ұстаздар мен білім беру саясатын жүргізушілер үшін үлкен бағдар.

*Мақала АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.*

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. //Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары: алты томдық шығармалар жинағы. 6-том: Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 383 б.
3. А. Байтұрсынұлы тағылымы: А. Байтұрсынұлының 130 жылдық мерейтойына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 23-24 мамыр / Х.М. Нұрмұқанов, Мәжітаева Ш. М. (жауапты редактор), Әділова А.С., Тұрсынова М.А. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 209 б.
4. Ұлағатты ұлт ұстазы: анықтамалық-көрсеткіш /құраст.: Р.Имаханбетова, Қ.Байдебеков. – Алматы: Сардар, 2010. – 273 б.
5. Алпысбес М. (профессор). Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеудегі тарихи аспектілер // Отан тарихының өзекті мәселелері: «Ахмет Байтұрсынов феноменін зерттеу және зерделеу»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Нұр-Сұлтан, 2020. – Б. 11-21.

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛЕРІ**

### **Байжуманова Б.М.**

*Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицей мұғалімі, Шымкент, Қазақстан.*

Әр ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі – өзінің әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа сақтау. Қазақ халқының салты, дәстүрі мен ғұрыптары бірнеше ғасырлар бойы қалыптасты. Қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына көшпелі өмір салты мен мұсылман діні үлкен әсер еткен. Қазіргі уақытта жас ұрпақтың өткен тарихқа деген қызығушылығы қайта жанданып отыр. Бұл – табиғи қажеттілік, өйткені адамдар өздері туған, өмір сүретін жердің тарихын білуі керек, болашақ ұрпағына дәстүрді, салтты жеткізуі керек. Уақыт өткен сайын біздің бабаларымыздың өткені туралы соғұрлым қиындай түсетіні анық: себебі кейбір салттар ұмыт болады, не болмаса заманға сай өзгерістерге ұшырап отырады. Сондықтан, қазақ халқының мәдени мұрасын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтау, зерттеу – өзектілігін жоғалтпайтын міндеттердің бірі. Батыр жазушы Бауыржан Момышұлы өз жазбаларында: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттың басында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде